Gazet - halyqtyń kózi, qulaǵy ham tili

# Shet shuǵylasy

Shet aýdandyq qoǵamdyq-saıasi gazeti | Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady | beısenbi, 5 tamyz 2021 jyl №31 (10 859)



Президент Жолдауы - ел болашағы

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy
Послание Президента Республики Казахстан

## ЖОЛДАУ ҮМІТ ПЕН СЕНІМДІ АҚТАДЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев былтырғы қыркүйек айындағы Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауы бүкіл әлемде коронавирус пандемиясының белең алып тұрған аса күрделі кезеңінде жарияланып, Қазақстан халқының көкейкесті мәселелерін анықтаған терең мазмұнды құжат болды. Президент пандемиядан туындаған бірталай проблемаларды ашып, бүгінгі күні елімізде қалыптасқан саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайға және мемлекет тарапынан жүзеге асырылып жатқан жұмыстарға ашық, әрі адал баға беріп, жол көрсетті. Үкімет пен қоғамның әрі қарай дамуының ең өзекті мәселелерін шешетін жаңа реформаларды ұсынды.

Жолдауда Үкіметтің індетке қарсы тұру қабілетін бағалауға мүмкіндік беретін ой-пікірлер көрініс тапты. Індеттің кері әсерін азайтуға мүмкіндік берген шаралар мемлекет үшін тұрғындардың денсаулығын қорғау, әлеуметтік жағдайды қолдау бірінші орында тұратындығын атап айтты.

Үкімет тарапынан қысылтаяң жағдайда зардап шеккендерге көмек көрсетуге қомақты қаражат бөлініп, халықтың әлеуметтік жағдайының одан әрі төмендемеуіне мүмкіндік берді. Миллионнан астам адамның азық-түлік алып, көптеген отбасылар «Біргеміз» қорының аясында қаржылай қолдауға ие болды. Бұл бастамаға Елбасының тікелей қатысуы халық пен билік арасындағы сенімнің жоғары деңгейін көрсетті.

Мемлекет басшысы Үкімет бастапқы медициналық көмекті ұйымдастыру тәсілдерін қайта қарауы қажеттігін, оның барынша мобильді әрі халықтың барлық тобына, оның ішінде ауыл тұрғындарына қолжетімді болуы керектігін айтты. Сондай-ақ, шалғай өңірлерде көліктік медицинаны жаңғырту жөнінде шаралар қабылдау қажеттігін айтып, бұл үш жыл мерзімде ауылда тиімді денсаулық сақтауды қалыптастыруға көмектесетінін атап өтті. Сонымен қатар, барлық ауылдық елді мекендерді фельдшерлік-акушерлік пунктермен және дәрігерлік амбулаториямен қамтамасыз етуді тапсырды.

Сонымен қатар, Президент қазақстандықтардың назарын шаруашылық жүргізуші субъектілердің бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерін арттыруға аударып, отандастарымызды дағдарыс уақытында алға бастайтын бағдарламалар мен оң өзгерістерді жүзеге асыруға жұмылдырды.

Биыл індет қайта өршіді, карантин талаптары күйшейтілді. Ауырғандардың саны былтырғы жылдан асып түскенімен Президент Жолдауындағы тапсырмаларға сәйкес Үкіметтің шұғыл шара қабылдауының арқасында өткен жылдағыдай дүрбелеңге жол берілген жоқ. Ауруханалар дайын, қажетті медициналық жабдықтар мен дәрі-дәрмектер жеткілікті. Осының бәрі Президент Жолдауындағы әлемді жайлаған пандемиядан кейінгі орын алған ахуалды, елдегі жағдайды жақсартуға берген нақты тапсырмаларының нәтижесінде іске асты деп санаймын.

Қорыта айтқанда Президент Жолдауы үміт пен сенімді ақтады.

**Гүлшара АХМЕТОВА,**
**“Актілеу” қоғамдық қорының директоры.**
**ҚР Мәдениет қайраткері.**

Сүйінші!

## 19 МИЛЛИОНЫНШЫ БОЛЫП НӘРЕСТЕ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ



Қазақстан халқының саны он тоғыз миллионға жетті.

Бұл жөнінде Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында Қазақстан халқының саны тарихи межеге жетті. Алматы облысында дүниеге келген Жәния Азаматқызы еліміздің он тоғыз миллионыншы азаматы ретінде тіркелді. Жәния - отбасында төртінші бала. Ата-анасы мен қазақстандықтарды осы қуанышпен құттықтаймын, бауы берік болсын, - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент тапсырмасын орындай отырып

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

## БІЗДІҢ МІНДЕТІМІЗ - МЕРЕЙЛІ ЖЫЛДЫ ИГІ ІСТЕРМЕН АТАП ӨТУ

**Қарағанды облысы Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығын қалай атап өтетінін және қандай қайырымдылық акциялары өткізілетіні жайлы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында ішкі саясат басқармасының басшысы Ерлан Құсайын айтып берді, деп хабарлайды Қарағанды облысының әкімдігі.**

Осы жылдың ең басты оқиғасы - Ел Тәуелсіздігінің отыз жылдығы. Біздің міндетіміз - мерейтойды ең алдымен азаматтарымыздың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған игі істермен атап өту. Ешқандай салтанатты мерекелер жоспарланбайды, - деп атап өтті Ерлан Құсайын.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеудің өңірлік жоспарына 187 іс-шара енгізілген, оның ішінде 5 халықаралық, 6 республикалық, 13 облыстық және 163 қалалық және аудандық іс-шаралар. Сондай-ақ, облыста “Ордалы отыз іс” арнайы жобасы құрылған.

Басқарма басшысы қайырымдылыққа көп көңіл бөлінетіндігін айтты. Мәселен, республикада “Қайырымды істер марафондары” жалпыұлттық жобасы



жұмыс істейді. Оның аясында жыл басынан бері облыста 21 233 адамның қатысуымен 2 642 іс-шара өткізіліп, қарттарға, жалғыз басты аналарға, көп балалы, аз қамтылған отбасыларға азық-түлік себеттері, басқа да көмектер көрсетілген. Сондай-ақ, көптеген кәсіпкерлер, фермерлік шаруашылықтар, ҮЕҰ медициналық мекемелерді қажетті құрал-жабдықтармен және дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету бойынша үлкен жұмыс атқарды. Облыс тұрғындары, еріктілер де өз үлестерін қосты, - деп атап өтті спикер.

Бүгінгі таңда облыста 97 волонтерлік ұйым мен топ жұмыс істейді, оларға 7 мыңға жуық жастар кіреді. Жеке волонтерлік бастамаларды бизнес-қоғамдастық қолдайды. Мысалы, “Қайырымды ұрпақ” қайырымдылық акциясы аясында 137 бала жалпы сомасы 5 миллион теңгеден астам көмек алған.

Тағы бір ауқымды шара ол “Ел тірегі - Елбасы” игі істер акциясы. Акция аясында бірінші жартыжылдықта 23 тонна азық-түлік, сондай-ақ 769 бірлік жеке қорғаныс құралдары таратылып, оған облыстың 1 500-ден астам еріктілері қатысқан.

Басқарма басшысы экологиялық мәселелер де бұрынғыдан да өзектірек бола түскенін айтты. Сондықтан “Біргеміз таза әлем” бағыты бойынша “Таза табиғат” ұлттық жобасы іске асырылуда. Облыста өзендер мен су қоймаларын тазарту, ағаш отырғызу бойынша үлкен жұмыстар атқарылған. Сонымен қатар, жыл басынан бері өңірде осындай 5 мыңнан астам іс-шара өткізіліп, бұл жұмыстар одан әрі жалғаса беретіндігін атап өтті Ерлан Құсайын.

**Өз тілшімізден.**

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Ауылдың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі

## ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРУДЕ

Ауданымыздың Киікті ауылдық округінде 150 орындық мектептің құрылысы қызу жүргізілуде. Мектептің құрылыс жұмыстары 2020 жылдың басында басталған болатын. Келісім шарт бойынша құрылыс жұмыстары 2 жылға созылады. Қазіргі таңда, мектептің күрделі жөндеу жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Құрылыс жұмыстарына жауапты «Аман Құрылыс» ЖШС-і.





Сонымен қатар, ауданымызға қарасты Нұраталды ауылдық округінің Қызылқой ауылында Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында жаңа мәдениет үйі жөндеуден өткізіліп, нысан есігі айқара ашылмақ.

Мәдениет пен өнер - халықтың рухани болмысының айнасы, бағдарлы болашағының бастауы. Мәдениеттің өсуі - елдің өсуі, ұлттың өсуі. Тәуелсіздігіне тәубе етіп, Мәңгілік Ел болуды мұрат тұтқан халқымыздың рухани бай дүниесінің өлшемі мен өресі де осы мәдениет пен өнер шоқтығында жатыр.

Мәдениет үйінің күрделі жөндеу жұмыстары ағымдағы жылдың шілде айында бастау алса, қазіргі таңда, ішкі құрылыс жұмыстары аяқталуға шақ қалды. 50 орындық деп жоспарланған мәдениет үйінің жөндеу жұмыстары қыркүйек айында аяқталып, халық игілігіне пайдалануға беру жоспарлануда. Мердігер «Ғимарат-KZ» ЖШС-і.

**М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.**

Хабарландыру

# АУДАН ӘКІМІНІҢ ГРАНТЫ

2021 жылы «Шет ауданының жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен 18 жастан 29 жасқа дейінгі Ауыл жастары арасында кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мақсатында аудан әкімінің грантына іріктеу басталғанын хабарлаймыз. Аудан әкімінің гранты Қарағанды облысы, Шет ауданы ауыл жастарының жаңа істі ашуларына және әрекет етіп тұрған бизнестерін дамыту үшін бөлінеді.

**Жобаға қатысушыларға қойылатын талаптар:**

♦Қатысушылардың жасы 29-дан аспауы керек, осы елді мекенде тұратын, жаңадан кәсіп бастаған немесе кәсібін дамыту үшін (тек күндізгі бөлім студенттеріне берілмейді).

♦ Жастардың кәсіп ашатын (бизнес жоспары) алдынала комиссия құрамы тарапынан зерделеу жүргізіледі.

♦ Грантқа үміткерлер кәсіп-керлік қызметтің таңдалған бағытының негізінде оқығаны туралы (сертификат) негіздемесімен бірге (бизнес жоспарларын) ұсынулары шарт.

♦ **Жобаларды таңдау:**

Жобаны таңдау келесідей критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

♦ Аудан үшін жобаның маңыздылығы.

♦ Жаңа жұмыс орындарының құрылуы.

♦ Жобаның өтімділігі.

♦ Аталмыш аймақтың экономикалық жағдайы және тұрғылықты халықтың сұранысы үшін таңдалған қызмет түрінің даму қажеттілігі.

♦ Тірек және спутник елді мекендерде жандандыру.

♦ Бизнестің келешектегі дамуы.

♦ Бұрын грант алған тұлғаларға екінші қайтара грант берілмейді.

**Қатысушының сұранысын жасау үшін қажетті құжаттар тізімі:**

1. Өтініш
2. Жеке басының куәлігі (көшірмесі).
3. Бизнес жоспар, кәсіпкерлік істің негізін оқыған курстың сертификаты.
4. Жеке кәсіпкер туралы анықтама

Конкурсқа қатысу өтінімі (файл папкасына жинақталған) 2021 жылдың 13 тамызына дейін төмендегі мекенжай бойынша қабылданады: **С.Сейфуллин 76а, «Шет ауданының жастар ресурстық орталығы» Жастар үйінде (сағ. 9.00-ден 18.00-ге дейін) тапсыруларыңызды сұраймыз.**

**Анықтама телефоны: 50-0-12, E-mail: shet_zhastary @ mail.ru**

XXXI жазғы олимпиада

91 елден астам салмақ дәрежесіндегі қазақстандық боксшы Қамшыбек Қоңқабаев Токиодағы стандық боксшының бірі болды. Сондай-ақ, жартылай финалға 52 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Сәкен Бибосынов шықты. Токиода басталған қалған алты отандық боксшы ойынды аяқтады.

Бет қатталып жатқанда тағы бір сүйінші хабар келді. Қазақстандық спортшы Дархан Асәділов каратэден қола жүлдеге ие болды. Сонымен Қазақстанда қоржыны тағы бір қола медальмен толықты.

# ҚАЗАҚСТАН БЕСІНШІ ҚОЛА МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ



**Өз тілшімізден.**

жазғы Олимпиада ойындарында жартылай финалдық жекпе-жек өткізіп, қола медалға ие болды. Еліміз үшін бұл төртінші қола жүлде болды. Бұған дейін қола медальдарды Елдос Сметов (дзюдода), Игорь Сон және Зульфия Чиншанло (ауыр атлетикада) жеңіп алған болатын. Еліміздің олимпиадалық құрамасының қоржынында алтын және күміс медальдар әлі жоқ. Қамшыбек Қоңқабаев Олимпиадада қалған екі қазақ-

COVID-2019: мезгіл мәселесі

# ЕКПЕ АЛУ - ІНДЕТТІ ЖЕҢУДІҢ БІРДЕН-БІР ЖОЛЫ

Қазіргі таңда әлемді жаулап алған аты жаман індеттің қайта өршіп, адамзаттың өміріне аса ауыр қауіп-қатер төндіріп тұрғаны алаңдатады.

Шілде айынан бері аптаның әрбір күнінде Covid-19 таралуына жол бермеу жөніндегі ведомстволаралық комиссияның мәліметтері індеттің таралуы қарқын алғанын көрсетті. Жыл басында таралуы сәл де болса саябырсыған індет маусым айынан бастап қайта өршіді. Әлем бойынша 1 аптада ауырған 5,2 миллион адам анықталыпты. Өкінішке орай, сағат сайын ауру ошағы көптеп табылып, бұл дерт қаншама адамның өмірін қиып, қаншама адамдар осы дертпен күресуде.

Қарағанды облысы «қызыл» аймаққа енгелі көп болды. Әлі шыға алмай жатырмыз. Санитарлық-эпидемологиялық талаптар күшейсе де аурудың беті қайтатын түрі жоқ. Карантиндік талаптар да өзгеруде. Карантиндік талаптың мақсаты - індетті тоқтату.

Індеттің қаншалықты қауіпті екенін көпшілік біледі. Алайда әлі күнге оған мән бермей жүрген азаматтар да жеткілікті.

Азаматтардың бәрі вакцина алып, сақтық шараларын ұстанса, вирустың қоршаған ортаға таралуына тосқауыл болары сөзсіз.

Сондықтан баршамыз осы қауіпті індеттен сақтанып, аурудың алдын алып, ауырмаудың жолын іздегеніміз әлдеқайда тиімді деп ойлаймын.

Короновирус инфекциясының алдын-алу бойынша беріліп жатқан кеңестерді мейлінше ұстанып, оны орындауымыз - әрқайсымыздың басты міндетіміз.

Коронавирус инфекциясының таралуы тым жоғары. Осы орайда өзіңіздің және жақындарыңыздың өмірі мен денсаулығын індеттен қорғау үшін вакцина алу, қоғамдық орындарда және көпшілік жерлерде маска тағып жүру және оны жиі ауыстырып тұру, сонымен қатар, антисептик пайдалансақ індетті тежей алатынымыз анық. Адамдар тобымен жиналып, той өткізу, ас беру сияқты шараларды тоқтата тұрғанымыз жөн. Қажеттілік болмаса, басқа аймақтарға барудан да бас тартыңыз. Өзіне, жақынына жаны ашыған адам сақтану шараларын мұқият ұстайды.

Бір сөзбен айтқанда «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеп», қауіпсіздік шараларын күшейтсек дегім келеді. Баршаңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін!



**Серік ҚАМБАР,**
**ақсақалдар алқасының төрағасы.**
**Ақжал кенті.**

COVID-2019: Әлем жаңалықтары

Қытай билігі жаңа індеттің алдын алу үшін Уханьның барлық тұрғындарын COVID-19-ға тексеруді бастайды. Уханьға жақын Хубэй провинциясында біршама уақыттан кейінгі үзілістен соң инфекцияны жұқтырудың алғашқы жағдайлары анықталды. Бұл аймақта қазірдің өзінде індетке шалдығудың 14 жағдайы тіркелді (симптомсыз тасымалдаушыларды қоса), олардың сегізі Уханьда есепке алынды.

Нью-Йоркте 16 тамыздан бастап мейрамханалар мен барларға кіру үшін вакциналаудан өткендігін растау талап етіле бастайды. Спорт залдарында, мәдениет мекемелерінде және ойын-сауық кешендерінде де осындай талаптар енгізілген. Дельта штамының таралуына байланысты қосымша шектеу шаралары енгізіледі. Дельта нұсқасы АҚШ-тағы коронавирус жағдайларының 83%-тен астамын құрап отыр.

Өзбекстан басшысы вакциналанбаған қызметкерлерді жұмыстан шығаруға мүмкіндік беретін заңға қол қойды. Сондай-ақ, “Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы” Заңның 28-бабына республиканың Бас санитариялық дәрігерінің шешімі бойынша халықты міндетті профилактикалық иммундау енгізуіне мүмкіндік беретін норма енгізілді.

**Covid-19 таралуына жол бермеу жөніндегі ВАК.**

# ҚАЗАҚСТАНДА ПТР-ТЕСТІНІҢ ОҢ НӘТИЖЕСІ БАР КОРОНАВИРУС БОЙЫНША 2021 ЖЫЛҒЫ 04 ТАМЫЗДАҒЫ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ

**Өткен тәулікте коронавирус инфекциясын жұқтырған 7 792 жағдай тіркелді.**

Елімізде коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны 610 744-ке жетті.

Оның ішінде:

Қарағанды облысында - 931 адам жұқтырған.

Сонымен қатар, Қазақстанда өткен тәулікте 7276 адам коронавирус індетінен емделіп шықты.

Оның ішінде Қарағанды облысы бойынша 1041 адам.

Жалпы Қазақстан бойынша емделіп шыққандардың саны 499 965 адам.




# 2021 ЖЫЛҒЫ 4 ТАМЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРЛЕРІНДЕГІ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛДЫ БАҒАЛАУ МАТРИЦАСЫ

«Қызыл» аймақта: Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстары.

«Жасыл» аймақта: Түркістан облысы.

**2021 жылғы 4 тамызда Қазақстанда коронавирус инфекциясына қарсы вакцинаның 1-ші компонентін 5 584 190 адам, 2-ші компонентін 4 148 969 адам салдырды.**

# ҚАЗАҚСТАНДА КОРОНАВИРУС ИНФЕКЦИЯСЫНА ШАЛДЫҚҚАНДАР ТУРАЛЫ 2021 ЖЫЛҒЫ 5 ТАМЫЗДАҒЫ АҚПАРАТ

5 тамыздағы мәлімет бойынша 107 600 адам коронавирус инфекциясынан (104 377 КВИ+ және 3 223 КВИ-) емделуде, олардың ішінде

29623 пациент стационарда, 77 977 науқас амбулаториялық деңгейде ем қабыл-дауда.

КВИ+, КВИ- шалдыққандардың арасында:

1 832 адамның жағдайы ауыр, 417 пациенттің жағдайы өте ауыр, 202 науқас ӨЖЖ аппаратында жатыр.

Қоғамдық кеңесте

# САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛЫҚ, МАЛ БАҒЫМЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

**Ағымдағы жылдың 30 шілдесі күні Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтті. Отырысты Қоғамдық кеңестің төрағасы Әділхан Смағұлұлы онлайн режимде жүргізіп отырды.**

**Қоғамдық кеңес мүшелерінен басқа бұл отырысқа кейбір аудандық мекемелердің басшылары қатысты.**

Күн тәртібінде Ақадыр кентінің және Ақсу-Аюлы ауылдық округінің санитарлық тазалық, мал бағымы бойынша атқарылып жатқан жұмыстары туралы және басқа да мәселелер.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Ақадыр кенті әкімінің орынбасары М.Айқынбаев және Ақсу-Аюлы ауылдық округінің әкімі Б.Тәкішев есепті хабарламалар жасады.

Ақадыр кентінде иесіз жатқан күл-қоқыстарды шығаруға жергілікті бюджеттен 3,5 млн. теңге қаржы бөлініп, мемелекеттік сатып алу заңына бойынша конкурс жеңімпазы ЖК «Ибраев» сметалық жоба құжатына сәйкес 4000 тонна күл-қоқыс сыртқа шығарылды. Кент әкімдігі жергілікті кәсіпкерлері және жастармен бірлесе отырып, «Ақадырға 1000 тал» атты акциясын ұйымдастырып, көшелерге тал отырғызу шаралары өткізілді.

Карантиндік шараларға байланысты кенттің маңызы бар көшелеріне адам көп жиналатын мекеме, сауда орталықтарының кіре берістері дезинфекцияланып, көше жолдары жуылып тұрады. Кент бойынша әр апта бойы таза бейсенбіде көшелер арам шөптерден тазартылып, талдар әктеліп, бұтақтары шырпылады. Аталған жұмыстар күнделікті атқарылып, жүргізіле беретіндігін айтты.

Ақсу-Аюлы ауылдық округіне қарасты елді мекендерде 9000 тонна үйінді күл қоқыс тазартылып сыртқа шығарылған. Сонымен қатар, көпбалалы аналар мен жағдайы төмен отбасыларының күл қоқыстары тегін алынды. Бұл шараға ауылдық қоғамдастық мүшелері, ақсақалдар кеңесі қолдау көрсетуде. Осы жұмыс алдағы уақытта жүргізіле беретіндігін атап өтті ауыл әкімі.

Әр апта сайын барлық кәсіпорындар мен мекемелерге санитарлық тазалық бойынша «Таза бейсенбі» күні жарияланып, әлемдік індетке байланысты арақашықтықты сақтай отырып әр мекемеден екі-үш адамнан бөлініп, аумақтар тұрақты тазаланып отырады. “Жасыл ел” бағдарламасы бойынша жастар тазалық жұмыстарына жұмылдырылады.

Ақсу-Аюлы ауылында санитарлық тазалықты сақтау мақсатында жеке тұрғын үйлерге және мекемелердің сұранысы бойынша жергілікті бюджет есебінен 2020 жылы 80 дана қоқыс төгетін жәшік сатып алынып, «ШетКоммунСервис» КМК мекемесінің балансына берілді.

Сонымен қатар, COVID-19 коронавирус пандемиясына байланысты тұрғындар көп шоғырланатын орындарда күнделікті дезинфекция жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде.

Ақсу-Аюлы ауылдық округі бойынша жаз айларында жұртшылықтың ірі қара малы 3 табында бағылады, 4 отар қой-ешкі және 4 табын жылқы бағылады. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексінің 408 бабына сәйкес қараусыз жүрген малдары үшін иесі анықталғанға дейін уақытша қамап ұстау үшін мал қамайтын арнайы 0,1000 га орын бекітілді. Сондай-ақ, қоғамдық жұмыстар арқылы иесіз жүрген малдарды бағымға қосу мақсатында 4 адам жұмыспен қамтылып отыр.

Қоғамдық кеңестің мүшелері Б.Жұмкин, Г.Ахметова аталмыш мәселелерді талқылау барысында ауыл тазалығы және мал бағымы бойынша тиісті деңгейде жұмыстар атқару керектігін айтып, өз ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Қоғамдық кеңесте сонымен қатар, алдағы отырыстың қарауына ұсынылатын мәселелер бойынша шешім қабылданды. Кеңес жұмысын төраға Ә.Смағұлұлы қорытындылады.

**Өз тілшімізден.**

Қаулы-қарар

***Жоба***

# ШЕТ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

**«Шет ауданының елді мекендеріне бірыңғай сәулеттік келбетті беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу Ережесін бекіту туралы»**

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 10-3 бабының 2 тармағының 11) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабы 1 тармағының 16-5) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес Шет ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шет ауданының елді мекендеріне бірыңғай сәулеттік келбетін беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Шет ауданы әкімі орынбасарының міндетін атқарушы Д.Карсембаевқа жүктелсін.
3. Осы қаулы тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жариялаған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Шет ауданының әкімі М.МҰХТАРОВ.**

Шет ауданы әкімдігінің “____” ______________
№_ қаулысымен бекітілген

**Шет ауданының елді мекендеріне бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Шет ауданының елді мекендеріне бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізудің осы қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-3-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес өзге де нормативтік құқықтық актілермен әзірленді және Шет ауданының елді мекендеріне бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) кондоминиум объектісі - дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан және дара (бөлек) меншікте болмайтын және пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелеріне көппәтерлі тұрғын үй тұрған біртұтас бөлінбейтін жер учаскесін және (немесе) үй жанындағы жер учаскесін қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі ортақ мүліктен тұратын біртұтас мүліктік кешен;

2) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі - дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан басқа, кондоминиум объектісінің бөліктері (қасбеттер, кіреберістер, вестибюльдер, холдар, дәліздер, баспалдақ марштары мен баспалдақ алаңдары, лифтілер, шатырлар, шатырастылар, техникалық қабаттар, жертөлелер, үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтар, абоненттік пошта жәшіктері, көппәтерлі тұрғын үй тұрған жер учаскесі және (немесе) үй жанындағы жер учаскесі, абаттандыру элементтері және ортақ пайдаланылатын басқа да мүлік);

⇨5-ші бетте.

Жұмыспен қамту: Еңбек - 2017-2021

# Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған “Еңбек” мемлекеттік бағдарламасына қатысушыларға жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар беру қағидалары

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттарды беру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы №746 қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған “Еңбек” мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылады.

**Бағдарламаға қатысушыларға жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттарды беру шарттары**

1. “Бастау Бизнес” жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту курстарынан өткен немесе Бағдарламаның бірінші бағыты шеңберінде оқытуды аяқтаған, халықты жұмыспен қамту орталықтарында тіркелуіне қарамастан жұмыссыз адамдар, кәсіпкерлер және жүгінген сәтте Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес бірыңғай жиынтық төлем төлеген адамдар және бұдан бұрын басқа мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қаржылай қолдау алмаған Бағдарламаға қатысушылар, сондай-ақ қоныс аударушылар мен оралмандар мемлекеттік гранттар алуға үміткерлер болып табылады.

2. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттарды алуға **атаулы әлеуметтік көмек алушылар, аз қамтылған және көпбалалы аналар, жұмысқа жарамды мүмкіндігі шектеулі адамдар, мүгедек бала күтімінде отырған аналар мемлекеттік грантқа үміткер бола алады.**

3. Мемлекеттік гранттар бастапқы бизнесті іске асыратын немесе іске асыруды жоспарлайтын Бағдарламаға қатысушыларға өтеусіз және қайтарымсыз негізде беріледі.

4. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар 200 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде беріледі.

5. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар қаражаты қажетті мүкәммалды, еңбек құралдарын, технологиялық жабдықтарды, жануарларды, малды, құстарды сатып алу үшін нысаналы мақсатта пайдаланылады.

6. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар тұтынушылық мақсаттарға, кредит қарыздарын өтеуге, жылжымайтын тұрғын үй сатып алуға және салуға, жер учаскелерін сатып алуға, акцизделетін өнімдердің өндірісіне және жалдау ақысы ретінде берілмейді.

7. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар Бағдарламаға қатысушыларға бір рет ғана беріледі.

8. Сонымен қатар атаулы әлеуметтік көмек алатын, аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың мүшелері үшін, сондай-ақ өтініш білдірушілердің ішінен көшіп келушілер мен оралмандар үшін және бағдарламаның бірінші бағыты бойынша оқыған тұлғаларға, «Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқу сертификаты талап етілмейді.

**9. Бағдарлама шеңберінде оқуды аяқтағаны және бұрын өтеусіз және қайтарымсыз негізде, салалық шектеусіз жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін басқа мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қаржылық қолдау алмағаны туралы құжаттың болуы міндетті шарттар болып табылады.**

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грантты алуға үміткер Бағдарламаға қатысушы (немесе оның нотариат куәландырған сенімхат бойынша өкілі) жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грантты алу үшін тұрғылықты тұратын жері бойынша халықты жұмыспен қамту орталығына жүгінеді және мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған “Еңбек” мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант алуға өтініш;

2) жеке басты куәландыратын құжат, ал оралмандар үшін - оралман куәлігі (салыстырып тексеру үшін құжаттың түпнұсқасы ұсынылады);

3) кәсіпкерлік субъекті болып табылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама (куәліктің көшірмесі)/дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы хабарламаның көшірмесі;

4) әзірленген бастапқы бизнес-жоспар;

5) кәсіпкердің Бағдарлама шеңберінде оқудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) кәсіпкердің атынан өтініш беру құқығына сенімхат, сенім білдірілген өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың (заңды тұлғаның атынан - заңды тұлға куәландырған) көшірмесі;

Мемлекеттік гранттарға қатысу үшін құжаттар жинау ағымдағы жылдың 2-10 ші тамыз арасында қабылданады.

Сонымен қатар, 2021 жылдың 11-тамызында мемлекеттік гранттарды беру жөніндегі комиссияның үшінші отырысы өтетіндігін хабарлаймыз.

Қалған гранттар жоспар бойынша төртінші тоқсанда берілетін болады.

**Толығырақ мәлімет алу үшін «Шет ауданының халықты жұмыс пен қамту орталығына» жүгіне аласыздар. Байланыс тел: 8(71031) 22130, 22195**

⇨4-ші бетте.

Тағзым

# ТЕРЕҢНЕН ТАРТҚАН ТЕКТІЛІК

Ана - асыл дінін сүйіп, дәстүрін дәріптеген қаймана қазақ үшін киелі ұғым. Олар ақ ниеті мен ақжарма батасы арқылы айналасын нұрландырып, өнегеге толы өмірін шежіре етіп, санаға сіңіретін тірі тарих бола алады. Ұлтымыз ұлықтаған ақ жаулықты аналарымыз қашанда құрметке лайықты. Осындай аналарымыздың бірі болған, санасы сергек, ойы асқақ тыл ардагері Қаман Имашқызы 1930 жылы тамызда қазіргі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылында дүниеге келген. Қаршадай қыз жанына жігерін серік етіп, үлкендермен қатар еңбекке ерте араласады. Әкесі Қалиев Имаш Қазақ КСР-нің халық әртісі, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген әртісі Қали Байжановтың баласы, Қызыларай ауылында басшы қызметтер атқарған. Соғыс басталғанда әскер қатарына шақырылып, 1942 жылы қаза тапқан.



Имашқызы Қаман анамыздың атагегі Орта жүз, бес мейрамның бірі Сүйіндік ішінде Ақбура.

Әнші, сері Қали Байжанов сол кезде Егіндібұлақ Қарқаралыдан 40 пар өгіз айдап Ресей жеріне кіре тартып, мыс, алтын, күміс апарып, мал айдап, ол жақтан әкелген әртүрлі мата, азық түлік өнімдері мен басқа да қажетті заттармен халықты қамтамасыз етіп отырған атақты бай Ақайдың Хасенінің әншісі болған. Ол уақытта бай-қуатты оқыған адамдардың өзінің тілмашы, әнші-күйшілері болған. Сол кезде Ақайдың Хасенінің тілмашы мемлекет және қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақов, әншісі Қали Байжанов болған еді. Орыстармен араласқан көзі ашық Ақайдың Хасені Егіндібұлақта мектеп-медресе ашып, халықты сауаттандыруға күш салған. Мал өсірумен ғылыми түрде айналысып, басқа елдерден мал әкеліп, әсіресе асыл тұқымды жылқылар әкеліп, өсіреді. Бұл деректерді бізге жеткізген Қарқаралыда туған Серікбай ақсақал. Ол кезде 13 жастағы арбакеш бала болған екен.

Ақайдың Хасені Қали Байжановтың тұңғышы Имашты, Нығмет Нұрмақовты, өзінің қызы Камиланы басқа да көптеген жастарды Омбыға жіберіп, өз қаражатына оқытқан. Оқуларын бітірген жастар әр жерде қызмет етеді. Ақайдың Хасенінің қызымен Қали Байжановтың ұлы үйленіп, отау құрады. Қарқаралы уезінің ревкомында қызмет етеді.

Қаман анамыздың әкесі Қалиев Имаш сауатты, өжет, өте шиup қкісі болған екен. Халыққа адал қызмет етіп, жер-жерде мектеп-медресе ашып, үй салып, халықты сауаттандыру үшін білім меңгеруге шақырады. Жастардың білім алуына жол ашып, елінің көркейуіне көп еңбек сіңірген. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындағы ұжымдастыру кезеңінде әкесі де, шешесі де сауатты адамдар болғандықтан оларды қазіргі Ақтоғай ауданы, Қызыларайға Кеңасу колхозын ұйымдастыруға жібереді. Әкесі Имаш басқарма, шешесі Камила кооператив басшысы болып, белсене еңбек етіп, ұжымдастыруға атсалысады.

Осы жерде балалары Рымхан, Рымбала, Айтбала, Сайлау дүниеге келеді. Колхозда мектеп, дүкен ашылып, үйлер салынады, халықтың тұрмысы да өзгере бастайды. Байларды конфескелеу басталғанда көптеген ел азаматтарымен бірге Ақайдың Хасені де қудаланады. Мәскеуде қызметте жүрген өзі оқытқан Нығмет Нұрмақов Ақайдың Хасеніне жасырын хат жіберіп, онда "аға сіздің дәуіріңіз өтті, ол жерден тезірек кеткеніңіз жөн болады. Бұдан басқа сізге көмек көрсете алмаймын", деп жазған.

Мына хабардан соң ол кісі бір түнде пәуескемен жүріп кетеді. Ертесіне солдаттар іздеп келгенде орнын сипап қалған. Халықтан қысап сұрағанда "бай адам бізге қайда кететінін айтушы ма еді, білмейміз" деп құтылған. Кейіннен ол кісінің Қызылжар, қазіргі Петропавл жақта екені айтылады. Ал, балалары Оспан Семей, Аягөз жақта, тағы бір баласы Алматыда профессор атанған. Белгілі себептерге байланысты фамилиялары өзгерген.

Анамыздың әкесі Қалиев Имаш 1939 жылы қудаланады. "Мынау Хасен байдың қызын алған, Кеңес үкіметіне қалайша қызмет етеді", деп көрсеткен. Тергеушілердің сұрақ-жауабынан ығыр болған әкесі, соғысқа сұранады. Военкоматқа барса, райкомға сілтейді, райкомға барса орныңа кісі тап дейді. Ақыры орнына Нұржанов Біләлді ұсынып, райком оны колхоз басқармасына бекітеді. Бұл оқиғаны бронда жүріп соғысқа неге сұранғандығын анықтаған баласы Имашев Сайлау еді.

Біләл Нұржанов Сайлауға әкесі екеуі дос болғанын, «халық жауы» деп көрсетіп қайта-қайта жауап ала бергеннен әбден шаршаған әкесінің «сен менің орныма келуге келіс, менің енді осыдан басқа амалым қалмады» деген екен. Солай екі дос келісіп, бірі - басқарма, бірі - соғысқа аттанып кетеді.

«Әкемді көрсеткен кімдер, айтыңыз» деген Сайлауға Біләл: «қайтесің кімдер екенін, өзің әкеңдей болсаң болды» - деп батасын берген екен.

Қаман анамыз 1947 жылы әкеміз Жұмал Балықовқа тұрмысқа шығып, отбасын құрады. Ұзақ жылдар ішкі істер саласында жемісті еңбек еткен әкеміз Жұмал 1993 жылы 66 жасында дүниеден озды.

- «Жақсы отбасын құрдым, Жұмал өте адал, мейірімді әрі қамқоршым болды. Бауырым Сайлауды қолыма алып, оқыттым, үйлендірдім. Ол әкесіне тартқан шираќ, еті тірі, зерек болды», деп айтқан еді анамыз.

Қаман анамыздың өмірден өткеніне де жыл толды. Тірлігінде ошақ отын жандырып, шаңырақтың берекесі бола білді. Тектілік қонған әулет пен отбасы қашанда көпшілікке үлгілі атанады. Бұл күндері әкеміз Жұмал мен Қаман анамыздың балалары әр салада жемісті еңбек етіп, халық үшін талай тағылымды істерге ұйтқы болып жүр. Атап айтсақ, ұлдары Дәулен Алматы қаласында экономикалық соттың төрағасы, Асқар, Ербол, Ержан шағын және орта бизнесте еңбек етіп, еліміздің әр саласына өзіндік үлестерін қосуда. Берік Жұмалұлы құрылысшы, Елжас теміржол саласында еңбек етеді, қыздары Мағия Жұмалқызы мұғалім, білім беру саласының үздігі, Гүлбаршыны дәрігер. Осы балаларының бәрі де адам бойындағы жақсы қасиеттің денін өздері түлеп ұшқан отбасынан алды.

Қаман анамыз балаларының еліне қызмет етіп жүрген азаматтар тәрбиелегенін көріп қана қойған жоқ, олардың жеткен жетістіктері мен шыққан шыңдарының шарапатына да бөленді.

Асыл анамыздың рухына бас ие отырып, жаны жәннатта, тәні рахатта болсын демекпін.

**келіні, Рымтай ӘБЕНОВА,**
**зейнеткер, Оқу ісінің үздігі.**
**Қарағанды қаласы.**

Иманы кемел ел мықты

# ДІНАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТАРАЛЫҚ ТАРТЫСТЫҢ ҚҰПИЯСЫ

Дінаралық келісім - саясат қана емес, ол - адамгершілік. Алайда, дінаралық келісім саясаты халқыңның ұлттық мүддесінен, өз діни сеніміңді жаншудан тұрмауы қажет. Себебі мемлекет те адам сияқты - мемлекеттілік санаға мұқтаж. Ал, мемлекеттілік санаңда, тарихыңда дінің мен мәдениетің ұштасып жатыр.

Мемлекет мемлекеттілікке тарихқа арқа сүйегенде, діні мен мәдеиетіне арқа сүйейді. Себебі мемлекеттілік ол атау, ал тарих қойнауындағы діни сенімің мен мәдениетің - жаныңа тірек, демеу.

Кәрі тарихта мемлекеттер жаулаушылық соғыстарында, алдымен діни сенім мен мәдениеті үшін күресті. Себебі діни сенімі мен мәдениетінен ажыраған ұлт халық емес, ол мемлекет болып бар болмайды, жоғалады. Оған тарихта жер бетінен жоғалған ұлттардың тағдыры жетерлік.

Әлемдік өркениетттер бір-бірін жұтуға бағытталған. Жұтылсаң - жоғаласың. Оларды сыйлай, құрметтей отырып, өз мәдениетіңді жоғалтпау - ұлт ретінде жоғалмауыңның сыры. Ал мәдниетті діни сенімің арқылы қорғайсың. Немесе керісінше діни сеніміңді мәдениетің арқылы қорғайсың.

Кезінде Екінші дүниежүзілік соғыста Ұлыбританияның қаржы министрі Үкімет басшысы Черчильге мәдениетке бөлінген ақшаны алып тастап әкелгенде Черчил «Сонда біз не үшін соғысып жатырмыз?» дегені белгілі.

Дін - өте ықпалды күш. Ол өзіне сенетіндерді де, сенбейтіндерді де бақылауға алады. Себебі сен өлтеніңді білесің. Дін шектеуге бағынбайды. Өйткені діннің сұқбат жүргізетін жері - адамның ақылы мен жаны. Ақыл ақылы жете алмаған нәрсесіне таңғалады, жандүние құдайсыз тыныштала қоймайды. Яғни қоғамда бірнеше діни сенім мемлекеттің адамдарын бақылауға алғанда, мемлекет дінаралық сыйластық саясат жүргізуге мәжбүр.

Қожа Ахмет Ясауи бабамыз: «Кәпір де болса, азар берме» дейді. Қазақ: «Кәпір тоқ болса, мұсылман тыныш» деген.

Кезінде Қытайдың Шыңжан аймағының діни ахауалы күйіп тұрған кезде Цин империясы ол жерге кімді басшылыққа қою керек деп ақылдасады. Сонда «Қалдарбай деген қазақ мұсылман бар. Оның діни сенімі бойынша өзге діни сенімдерге құрмет көрсетеді. Олардың тарихта Қожа Ахмет Ясауи деген ұстазы болған. Олар діни сеніммен қарым-қатынас жасағанда сол бабасының жолын ұстанады» деп, Қалдарбайды басшылыққа қойған екен.

Міне, қазақтың мұсылмандық сенімінде конфессияаралық келісім, басқа діни сенімдегілерге деген құрмет пен сыйластық бар. Ол тәрбиені мемлекеттілік санаңнан, тарихыңнан аласың.

Құранда адамның ең жауыз, ең жаман жаратылыс екендігі бекер айтылмайды. Ежелгі гректің данасы Сократ адамды құбылыс деген. Адамның ақылы сусып тұратын құбылыс. Кез келген уақытта өзгеріп, басқа бағытқа бұрылуы да мүмкін.

Байқап қарасаңыз, адамға табынуға да, оны құрал қылып қолдануға да болады. Адамды қате діни танымдар арқылы басқа арнаға көзқарасын бұрып жіберуге де болады. Себебі жоғарыда айтқанымыздай, құбылыс - құбылмалы.

Ал мемлекет адамдардан құралады. Яғни тек азаматтық құқықпен, заңмен адамдарды тоқтата алмайсың. Халық тәрбиеге әрдайым мұқтаж. Ал халықты тәрбиелейтін - сол елдің естілері, ақылдылары.

Әр өркениет басқаларды өздеріне жұтуға негізделген. Діндер де солай. Діни сеніміңді мәдниетіңмен ұштастырып беретін қазаққа Алла Ясауи сияқты бабаны қайта жібере ме, жоқ па, оны Алла білер. Сондықтан басқаны құрметтеу арқылы өзіңді қорғау - дінаралық келісімiңнің басты шарты. Өзгенің тойын тойлап кетуге болмайды.

Басқа өркениетке жұтылып, ұлт ретінде жоғалып кетпеуің үшін, мәдениетіңді діни сеніміңнен ұштастырып, сақтауыңа мұқтажсың. Дәстүрді тек өткеннен ғана емес, өзіңнен, жаныңнан, ұлттық ділiңнен іздеп табуың қажет. Міне, осы жерде, поэзияның, әннің, музыканың, аңыз бен әпсананың ақсақалдар мен әжелердің керек жері туады. Сен үшін біреу мәдениетіңді, тіліңді, діни сеніміңді қорғамайды.

Мысалы, батыс бір діни ағым азаматтық құқыққа қарсы әрекетпен жүре бастаса да оны қорғайды. Мемлекет азаматтық құқықпен оларды жауапкершілікке тарта бастаса, батыс сендер діни азшылыққа қысым көрсетіп жатсыңдар дейді. Яғни мемлекет жан-жақты халықаралық қысымға алынған. Ол үшін мемлекеттің негізгі құраушы ұлты жан-жақты сауатты болуға мәжбүр. Елімізде дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру топтары сол үшін құрылып, белсенді жұмысын жүргізіп жатыр.

**Ауданның ішкі**
**саясат бөлімі.**

Занятость население: Еңбек - 2017-2021

# Правила предоставления государственных грантов для реализации новых бизнес-идей участникам Государственной программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы «Еңбек»

Предоставление государственных грантов для реализации новых бизнес-идей осуществляется в рамках Государственной программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы «Еңбек», утвержденной постановлением Правительства Республики Казахстан от 13 ноября 2018 года № 746 «Об утверждении Государственной программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы «Еңбек» (далее - Программа).

Претендентами на получение государственных грантов являются безработные лица, независимо от регистрации в центрах занятости населения и предприниматели, прошедшие курс обучения основам предпринимательства по проекту «Бастау Бизнес» или завершившие обучение в рамках первого направления Программы.

**При этом, для членов малообеспеченных и/или многодетных семей получателей адресной социальной помощи, а также переселенцам и оралманам из числа претендентов, прохождение обучения основам предпринимательства по проекту «Бастау Бизнес» или обучения в рамках первого направления Программы не требуется и выдается приоритет.**

Для предпринимателей, претендующих на государственный грант, срок государственной регистрации в качестве юридического лица/оформления статуса индивидуального предпринимателя на момент обращения к региональному координатору Программы за государственным грантом составляет менее одного года.

Государственные гранты для реализации новых бизнес-идей предоставляются через региональных координаторов Программы по заключению комиссии по рассмотрению заявлений претендентов на получение государственных грантов для реализации новых бизнес-идей (далее - Комиссия).

Финансирование мер поддержки в форме государственных грантов для реализации новых бизнес-идей осуществляется за счет целевых трансфертов из Национального фонда Республики Казахстан и/или средств республиканского и/или местного бюджетов, а также из источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

**Условия предоставления государственных грантов для реализации новых бизнес-идей участникам Программы**

Государственные гранты на реализацию новых бизнес-идей предоставляются участникам Программы, планирующим реализовать стартовый бизнес, на безвозмездной и безвозвратной основе в размере до 200-кратного месячного расчетного показателя.

При этом применяется размер месячного расчетного показателя, установленного законом о республиканском бюджете и действующего на 1 января соответствующего финансового года.

случае корректировки размера месячного расчетного показателя, в течение финансового года, применяется скорректированный размер месячного расчетного показателя.

**Средства получившие от государственных грантов для реализации новых бизнес-идей используются по целевому назначению для приобретения необходимого инвентаря, орудий труда, технологического оборудования, животных, скота, птицы, оплаты аренды помещений для реализации бизнес-проекта участника Программы на территории объектов коммерческой недвижимости, а также торговых объектов, в том числе находящихся на праве аренды, пользования, доверительного управления.**

Государственные гранты для реализации новых бизнес-идей не предоставляются на потребительские цели, погашение кредитных займов, приобретение и строительство жилой недвижимости, приобретение земельных участков, производство подакцизной продукции.

Государственные гранты для реализации новых бизнес-идей предоставляются участникам Программы однократно.

Обязательными условиями получения участниками Программы государственного гранта для реализации новых бизнес-идей являются:

1) наличие положительного заключения Комиссии по рассмотрению заявлений претендентов на получение государственных грантов;

2) наличие документа о завершении обучения в рамках Программы, за исключением лиц указанных в пункте 4 настоящих Правил, и подтверждения о неполучении ранее финансовой поддержки в рамках Программы «Еңбек»;

Сбор документов на государственные гранты принимаются с 2 августа по 10 августа 2021 года.

Также хотим сообщить, что третьем заседание комиссии по государственным грантам состоится 11 августа 2021 года.

Остальные гранты будут предоставлены в четвертом квартале по плану.

Для получения дополнительной информации, просим обратится **Центр занятости населения Шетского района. Контактный телефон: 8 (71031) 22130, 22195**

Президент тапсырмасын орындай отырып

# ҮШ БУЫНДЫ МОДЕЛЬ - ПОЛИЦИЯ, ПРОКУРАТУРА ЖӘНЕ СОТ

Мемлекет басшысы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанда өкілеттіктердің аражігін ажырата отырып, үш буынды модельді енгізуді тапсырды.

Үш буынды модель барлық дамыған елдерде қолданылады. Осындай модель бойынша қылмыстық процеске полиция, прокуратура және сот сияқты үш буын жауап береді. Аталған құрылымдардың өкілеттіктері өзара нақты айқындалған.

Полиция қылмыстарды және оған қатысы бар адамдарды анықтайды, дәлелдер жинайды. Прокурор Конституцияның 83-бабында көзделген конституциялық өкілеттіктері аясында жиналған дәлелдемелерге тәуелсіз баға береді, азаматтардың құқықтарын бұзудың жолын кеседі, адал азаматтарды қылмыстық процеске тартуға жол бермейді, сотта айыптауды қолдайды. Сот тергеу сатысының өзінде, соның ішінде прокурордың адам құқықтарын сақтауын бақылайды, ал қарау нәтижесі бойынша барлық дәлелдерді бағалап, түпкілікті үкім шығарады.

Қылмыстық процес бір процестің логикалық жалғасы болып табылатын үш құрамдасқа айқын бөлу негізінде құрылған.

Сонымен қатар, үш буынды модель сотқа дейінгі тергеп-тексеру тәсілдерін және ұйымдастыру жағынан прокурорлар мен тергеушілердің де дағдыларын өзгертуді талап етеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес бастапқы кезеңде қылмыстық қудалау шеңберіне тартылған адамдардың конституциялық құқықтарын қорғайтын, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары қабылдайтын негізгі процестік шешімдерді прокурордың келісуі енгізілді.

Қылмыстық процестегі азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту мақсатында заңнамаға тиісті өзгерістер енгізілді.

2020 жылдың 31 желтоқсанынан бастап, яғни Қылмыстық-процестік кодекске енгізілген заңнамалық түзетулер заңды күшіне енген күннен, еліміздің барлық тергеу органдары мен прокуратуралары қылмыстық іс бойынша негізгі шешімдерді электрондық келісуге көшті.

Енді күдікті деп тану, күдіктінің іс-әрекетін саралауды белгілеу, қылмыстық құқық бұзушылықты саралау, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін ұзу, тоқтату туралы шешімдер, сондай-ақ айыптау актісі прокурордың келісімінсіз заңсыз болып саналады.

Бұл өзгерістер азаматтардың, соның ішінде күдіктінің де, жәбірленушінің де конституциялық құқықтарын қорғауға және қылмыстық процестің шеңберіне негізсіз тарту фактілерін болдырмауға, жалпы тергеп-тексерудің объективтілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеру органымен жедел өзара іс-қимыл жасау үшін, СДТБТ негізінде электрондық форматтағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету міндеті қойылған.

Бұл біріншіден, тергеушілердің уақытын үнемдейді. Іспен прокурорға барудың, прокурор шешімді қашан келіседі деп күтудің қажеті жоқ.

Екіншіден, электрондық келісу тергеу органдарының басшылығына және қадағалаушы прокурорға қылмыстық істерді тергеу барысын онлайн режимінде бақылауға мүмкіндік береді.

Зандылықты қадағалауы тиіс прокурор іс оған түсер алдында ғана процеске қатыспай, оның тергеп-тексеруіне басынан бастап қатысады.

Электрондық келісу кезінде манипуляциялар барынша азайтылды, бұл да бұрмалау мүмкіндігін болдырмайды.

«Үш буынды модель» - азаматтарды қылмыстық процесс орбитасына тартуды азайту. Президент атап өткендей, елімізде кешеуілдеп қадағалау үрдісі әлі бар. Себебі қылмыстық істердің басым көп ші лігі қағаз жүзінде жүргізіледі. Іс қағаз жүзінде жүргізілгендіктен құжатты қолдан жасауға, өзгертуге болады. Сондықтан қылмыстық процесті цифрландыру жұмысы - азаматтардың құқығын қорғау кезінде тиімді құралы болуға тиіс.

Жасыратын несі бар, бәріміз де әділетті мемлекетте өмір сүргіміз келеді. Занда - үстемдік, сотта әділ төрелік болғанын қалаймыз. Орынсыз айыптау мен негізсіз жауапқа тарту үрдісі жойылса дейміз. Ол күннің де ауылы алыс емес деп санаймыз. Адам заңға емес, заң адамға қызмет ететін күн қайтсе де орнайды.

**Шет ауданының прокуратурасы.**

Акция

# КӨРНЕКІ АҚПАРАТ ПЕН ЖАРНАМАҒА - САУАТТЫЛЫҚ

Төменгі Қайрақты ауылдық округі бойынша «Көрнекі ақпарат пен жарнамаға - сауаттылық» атты облыстық айлық аясында біршама жұмыстар атқарылуда. Жұрт кітап оқымауы мүмкін, газет-журналға жазылмауы мүмкін, бірақ көшедегі жарнаманы міндетті түрде көреді, көрген соң оқиды. Визуал дүние адамның есінде міндетті түрде қалады. Шындығында алдымен көпшіліктің назарына көрнекі ақпараттар тіліндегі түрлі қателер, сауатсыз, олақ аудармалар, тілдік кемшіліктер түседі. Олардың қоғамдық санаға айтарлықтай әсер ететінін ескерсек, оның тілі де, сауаттылығы да, заңнама талаптарына сай ресімделуі де маңызды екенін аңғарамыз. Сондықтан жарнама мәтінінің сауатты болуы өте маңызды екендігін ескере келе, мекеме басшылары, дүкен мен нысан иелеріне түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жұмыс барысында атаулардың дұрыс жазылуы, қазақ тілінің кеңінен қолданылып, насихатталуы сынды критерийлерге баса назар аударылмақ.

Аталған акция округ бойынша алдағы уақытта жалғасын тауып, тиісті жұмыстар жүргізілмек.

**Айбек СЕРІКБАЙ,**
**Төменгі Қайрақты ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.**

⇨3-ші беттен.

Шет ауданы әкімдігінің "______"

____________________

№__ қаулысымен бекітілген

3) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ағымдағы жөндеу - мерзімінен бұрын тозуын болғызбау және ақауларын жою мақсатында жүргізілетін, көппәтерлі тұрғын үйдің нормативтік және техникалық құжаттамада белгіленген құрама бөліктері мен инженерлік жабдықтарын ауыстыру немесе қалпына келтіру жөніндегі уақтылы техникалық іс-шаралар мен жұмыстар кешені;

4) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу - көппәтерлі тұрғын үйдің ресурсын қалпына келтіру мақсатында жүргізілетін, көппәтерлі тұрғын үйдің тозған конструкцияларын, бөлшектерін және инженерлік жабдықтарын жаңа немесе анағұрлым мықты және үнемді, жөнделетін объектілердің пайдалану көрсеткіштерін жақсартатын түрлеріне ауыстыру жөніндегі іс-шаралар мен жұмыстар кешені;

5) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп ұстау - кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін техникалық пайдалану, санитариялық күтіп-ұстау және ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер кешені;

6) көппәтерлі тұрғын үй - ортақ үлестік меншік болып табылатын кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінен және көппәтерлі тұрғын үйге іргелес жатқан жер учаскесіне не кондоминиум объектісі ортақ мүлкінің өзге де бөліктеріне дербес шығатын жерлері бар екі және одан көп пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан тұратын, біртұтас бөлінбейтін жер учаскесінде біртұтас іргетасы бар жеке тұрған ғимарат;

7) бірыңғай сәулеттік стиль - құрылыста пайдаланылатын, аумақтың белгілі бір құрылыс ауданына, оның ішінде жеке құрылысқа тән бірыңғай белгілердің жиынтығы. Негізгі параметрлер сыртқы келбеті, сәулеттік стилі, түсті шешімі, қабаттылығы, әрлеу материалдары болып табылады. Жеке құрылыс ауданы үшін негізгі параметрлер сыртқы келбеті, сәулеттік стилі, түсті шешімі, қабаттылығы, әрлеу материалдары, қоршаулар, шатырдың типі және учаске аумағында шаруашылық-тұрмыстық құрылыстардың орналасуы болып табылады;

8) шатыр - ғимаратты атмосфералық жауын-шашынның енуінен сақтайтын жабынның жоғарғы элементі. Көтергіш конструкцияларға немесе жылытқышқа (шатырсыз шатырларға) салынатын су өткізбейтін қабаттан және негізден (торлардан, тұтас төсемеден, кермеден) тұрады;

9) қасбет-құрылыстың (ғимараттың) сыртқы (алдыңғы) жағы.

3. Осы қағидалар елді мекенге бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге ғана қолданылады.

**2. Көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру тәртібі**

4. Бірыңғай сәулеттік стиль тұжырымдамасын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және облыстық маңызы бар қалалардың әкімдіктері әзірлейді және бекітеді және егжей-тегжейлі жоспарлау жобасының ажырамас бөлігі болып табылады.

5. Бірыңғай сәулеттік стиль тұжырымдамасы бекітілгеннен кейін бекітілген егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына өзгерістер енгізу қажет.

6. Аудан әкімдіктері егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларында сәулеттік стильдің негізгі параметрлерін қарастырады.

7. Тұрғын үй қоры саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган Шет ауданына тиісті елді мекендерінің әкімдерімен және сәулет істері жөніндегі жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесімен бірлесіп, елді мекендердің бірыңғай сәулеттік келбетінің бекітілген тұжырымдамасы мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобасының негізінде елді мекенге бірыңғай сәулеттік келбет беру үшін қасбеттерге, шатырларға ағымдағы немесе күрделі жөндеу жүргізуді талап ететін көппәтерлі тұрғын үйлердің тізбесін анықтайды.

8. Жеке және заңды тұлғаларды өздерінің мекендейтін және тіршілік ететін ортасының жай-күйі туралы, сондай-ақ аумаққа құрылыс салу (қайта жоспарлау) ниеттері туралы, оның ішінде қасбеттерге, шатырларға ағымдағы немесе күрделі жөндеу жүргізуді талап ететін көппәтерлі тұрғын үйлердің бекітілген тізбесіне сәйкес бірыңғай сәулеттік келбет беру үшін қасбеттерге, шатырларға ағымдағы немесе күрделі жөндеу жүргізу туралы хабардар ету аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе қоғамдық талқылаулар, экспозициялар мен көрмелер өткізу арқылы жүзеге асырады.

9. Жүргізілген қоғамдық талқылаулардың нәтижелері бойынша және жергілікті бюджет қаражаты болған кезде елді мекенге бірыңғай сәулеттік келбет беру үшін қасбеттерге, шатырларға ағымдағы немесе күрделі жөндеу жүргізуді талап ететін көппәтерлі тұрғын үйлердің бекітілген тізбесі негізінде Шет ауданының әкімдігімен келесі жұмыстар ұйымдастырылады:

1) елді мекеннің бірыңғай сәулеттік келбетінің жобасымен бекіте отырып, көппәтерлі тұрғын үйлердің пәтерлері мен тұрғын емес үй – жайларының (олар болған жағдайда) меншік иелерін таныстыру;

2) көппәтерлі тұрғын үйлердің пәтер және тұрғын емес үй-жайларының меншік иелерін жоспарланған жұмыстар және оларды жүргізудің болжамды мерзімдері туралы ақпараттандыру.

**3. Көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу тәртібі**

10. Бюджеттік бағдарлама әкімшісі құрылыс нормаларының талаптарына сәйкес жұмыстардың құрамы мен көлемін белгілеу, бірыңғай сәулеттік келбет беру үшін қасбетті және (немесе) шатырды жөндеу үлгісін (ағымдағы немесе күрделі) айқындау үшін әрбір көппәтерлі тұрғын үйдің техникалық жай-күйін тексеруді ұйымдастырады.

Үйдің техникалық жағдайын тексеру табиғи тозу дәрежесін белгілеу, көтергіш конструкциялардың қосымша жүк-салмақтарды қабылдау мүмкіндігін анықтау және қажет болған жағдайда осы конструкцияларды күшейту, негіз топырақтарын нығайту және іргетастарды күшейту, сондай-ақ одан әрі мониторинг жүргізу бойынша іс-шараларды әзірлеу мақсатында орындалады.

11. Қасбеттер мен шатыр конструкцияларын күшейту, негіз топырақтарын нығайту және іргетастарды күшейту бойынша іс-шаралар, қажет болған жағдайда бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған қасбеттерді, шатырларды күрделі жөндеу жобасында көзделеді.

12. Үйдің техникалық жай-күйін тексеру қорытындысы бойынша бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жергілікті бюджет қаражаты есебінен тиісті жобалар жөніндегі сараптама қорытындысын ала отырып, ағымдағы жөндеудің сметалық есебін әзірлеу немесе күрделі жөндеуге жобалау-сметалық құжаттаманы дайындау бойынша жұмысты ұйымдастырады.

13. Ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен орнықтылығын техникалық тексеру аккредиттелген заңды тұлғалармен жүзеге асырылады.

14. Жобалау тиісті лицензиялары бар мамандандырылған ұйымдардың күшімен орындалады.

15. Күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды жобалау және ағымдағы жөндеудің сметалық есебін әзірлеу кезінде қолданыстағы заңнаманы және нормативтерді басшылыққа алу қажет.

16. Қағидалардың 10-тармағына сәйкес айқындалған, тиісті сараптамадан және (немесе) көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін және шатырларын ағымдағы жөндеудің сметалық құнынан өткен күрделі жөндеу жобалары бекітілгеннен кейін бюджеттік бағдарлама әкімшісі бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес бюджеттік өтінім жасайды және ұсынады.

17. Бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды алу мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісімен іске асырылады.

18. Көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы және күрделі жөндеу бірыңғай сәулеттік стиль тұжырымдамасында және егжей-тегжейлі жоспарлау жобасында көзделген нормативтік техникалық құжаттарға және негізгі параметрлерге сәйкес орындалады.

Ғимараттардың қасбеттері елді мекен мен қоршаған қала құрылысы ортасының айрықша эстетикалық сипаттамаларын (стильдік және композициялық тұтастығын, ырғағын, өлшемдер сәйкестігі мен тепе-теңдігін, сырттай қабылдануын, ашық және жабық кеңістіктердің тепе-теңдігін) көрсетуі, түстік шешімі сәулет шешімінің ерекшеліктеріне сәйкес келуі және елді мекеннің бірыңғай сәулеттік келбетін беруге бағытталуы тиіс.

19. Бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды қабылдау сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамаға сәйкес тапсырыс берушімен жүзеге асырылады.

20. Жұмыстарды қабылдау кезінде тұрғын үй қорын басқару саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мүлік меншік иелері бірлестігінің төрағасына немесе көппәтерлі тұрғын үйдің жай серіктестігінің сенім білдірілген адамына не көппәтерлі тұрғын үйдің басқарушысына немесе басқарушы компанияға көппәтерлі тұрғын үйдің қасбеттерін, шатырын ағымдағы немесе күрделі жөндеудің аяқталғаны туралы хабарлама жібереді.

21. Мердігерлік шартта жұмыс қабылданған күннен бастап кемінде екі жыл кепілдік мерзімі белгіленеді.

22. Белгіленген кепілдік мерзімі ішінде анықталған сәйкессіздіктер мен бұзушылықтар бойынша жауапкершілік мердігерге (бас мердігерге) оларды жою жөніндегі міндеттемелермен бірге жүктеледі.

**4. Қорытынды ережелер**

23. Елді мекенге бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу бойынша іс-шараларды қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

24. Жөндеу жұмыстары жүргізілгеннен кейін қасбеттер мен шатырларды одан әрі күтіп-ұстау және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуді пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері жүзеге асырады.

## «Ақадыр кенті әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде кент тұрғындарын және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау туралы 2021 жылға арналған кестесі

| Аты-жөні | Лауазымы | Қабылдау уақыты | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|
| Әбілдин Азамат Азатұлы | Кент әкімі | Әр аптаның сәрсенбі және бейсенбі күндері сағат 15-00-17-30 | 8/71033/27683<br>8/71033/27538 |

# TELEBAĞDARLAMA 9-tamyzdan 15-tamyzǵa deıin

## DÚISENBI, 9-tamyz

**Евразия**
6.00 «Әйел сыры…».
6.40 «Той заказ».
7.05, 3.35 «Той базар».
8.00, 2.05 «П@утina».
9.00 «Доброе утро!»
10.00 Т/с «Березка».
12.00 «На самом деле».
13.00 «Пусть говорят».
14.15, 3.20 «112».
14.30 «Qoslike».
18.30, 20.00, 2.50 Жаңалықтар, новости.
19.00 Т/с «Большое небо».
20.30 Т/с «Великолепная пятерка».
0.00 Т/с «Коготь из Мавритании».

**Хабар**
6.00 «Хабарлайын».
7.00 «Таңғы хабар».
10.00 «Ән әлемі».
10.30 «Тарих. Тағдыр. Тұлға». Қаныш Сәтбаев.
11.30 «Қарлығаш ұя салғанда» т/х.
13.00, 21.30 «Сырлы қала» т/х.
14.45 «Бәсеке» т/х.
16.00, 23.30 Т/с «Государственная граница. Афганский капкан».
18.00 Х/ф «Охотники на ведьм».
20.00, 21.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.
20.30 «Індетпен күрескен Қазақстан». Вакциналау тархы.
20.45 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане». История вакцинации.
1.30 «Әсем әуен».

**Qazaqstan**
6.05 «Ұлы дала дүбірі» д/ф.
6.30 «Ауылдастар».
7.00, 13.00 М/ф.
8.00 «Айналайын» т/х.
9.10 «Көңіл толқыны».
10.00, 18.00 «Ғашықтық дерті» т/х.
12.00, 17.20 «Қызық екен».
14.00, 2.00 «Теледәрігер».
15.00, 2.50 «Біздің полиция».
15.20, 20.35 «Замандастар» т/х.
17.00, 20.00, 1.25 Aqparat.
22.20 «Жат мекен» т/х.
23.20 «Жарқын жүздесу».
0.20 «Сана».

## SEISENBI, 10-tamyz

**Евразия**
6.00 «Әйел сыры…» т/х.
6.40 «Той заказ».
7.05, 3.35 «Той базар».
8.00, 2.05 «П@утina».
9.00 «Доброе утро»
10.00 Т/с «Березка»
12.00 «На самом деле».
13.00 «Пусть говорят».
14.15, 3.20 «112».
14.30 «Qoslike».
18.30, 20.00, 2.50 Жаңалықтар, новости.
19.00 Т/с «Большое небо».
20.30 Т/с «Великолепная пятерка».
0.00 Т/с «Коготь из Мавритании».

**Хабар**
6.00 «Хабарлайын».
7.00 «Таңғы хабар».
10.00 «Ән әлемі».
10.30, «Тарих. Тағдыр. Тұлға». Абай Құнанбаев.
11.30 «Қарлығаш ұя салғанда» т/х.
12.00, 21.30 «Сырлы қала» т/х.
14.45 «Бәсеке» т/х.
16.00, 23.30 Т/с «Государственная граница. Ложная цель».
18.00 Х/ф «Нечто».
20.00, 21.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.
20.30 «Журналистік зерттеу циклінен. «Абай арманы» д/ф.
1.30 «Әсем әуен».

**Qazaqstan**
6.05 «Ұлы дала дүбірі» д/ф.
6.30, 17.00, 20.00, 1.25 Aqparat.
7.05 «Абай жолы». Арнайы жоба.
7.20 «Күміс көмей». «Абай әндері».
8.10 К/ф «Құнанбай».
10.00, 18.00 «Ғашықтық дерті» т/х.
12.00 «Адамзаттың алыбы – хәкім Абай». Ақындар айтысы.
13.00 М/ф.
14.00, 2.00 «Теледәрігер».
15.00 «Abaı» д/ф.
15.20, 20.35 «Замандастар» т/х.
17.20 «Абай мектебі» д/ф.
22.20 «Жат мекен» т/х.
23.20 «Жарқын жүздесу».
0.20 «Сана».
2.50 «Қайсар жан».

## SÁRSENBI, 11-tamyz

**Евразия**
6.00 «Әйел сыры…» т/х.
6.40 «Той заказ».
7.05, 3.35 «Той базар».
8.00, 2.05 «П@утina».
9.00 «Доброе утро»
10.00 Т/с «Березка»
12.00 «На самом деле».
13.00 «Пусть говорят».
14.15, 3.20 «112».
14.30 «Qoslike».
18.30, 20.00, 2.50 Жаңалықтар, новости.
19.00 Т/с «Большое небо».
20.30 Т/с «Великолепная пятерка».
0.00 Т/с «Коготь из Мавритании».

**Хабар**
6.00 «Хабарлайын».
7.00 «Таңғы хабар».
10.00 «Ән әлемі».
10.30 «Тарих. Тағдыр. Тұлға». Әбілхан Қастеев.
11.30 «Қарлығаш ұя салғанда» т/х.
13.00, 21.30 «Сырлы қала» т/х.
14.45 «Бәсеке» т/х.
16.00, 23.30 Т/с «Государственная граница. Смертельный улов».
18.00 Х/ф «Красные огни».
20.00, 21.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.
20.30 «Индустрия».
1.30 «Әсем әуен».

**Qazaqstan**
6.05 «Ұлы дала дүбірі» д/ф.
6.25, 17.00, 20.00, 1.25 Aqparat.
7.00, 13.00 М/ф.
8.00 «Айналайын» т/х.
9.00 «Көңіл толқыны».
9.50, 18.00 «Ғашықтық дерті» т/х.
12.00, 17.20 «Қызық екен».
14.00, 2.00 «Теледәрігер».
15.00, 2.50 «Келбет».
15.30, 20.35 «Замандастар» т/х.
22.20 «Жат мекен» т/х.
23.20 «Жарқын жүздесу».
0.20 «Сана».

## BEISENBI, 12-tamyz

**Евразия**
6.00 «Әйел сыры».
6.40 «Той заказ».
7.05, 3.35 «Той базар».
8.00, 2.05 «П@утina».
9.00 «Доброе утро!»
10.00 Т/с «Березка».
12.00 «На самом деле».
13.00 «Пусть говорят».
14.15, 3.20 «112».
14.30 «Qoslike».
18.30, 20.00, 2.50 Жаңалықтар, новости.
19.00 Т/с «Большое небо».
20.30 Т/с «Великолепная пятерка».
0.00 Т/с «Коготь из Мавритании».

**Хабар**
6.00 «Хабарлайын».
7.00 «Таңғы хабар».
10.00 «Ән әлемі».
10.30 «Тарих. Тағдыр. Тұлға». Кемел Ақышев.
11.30 «Қарлығаш ұя салғанда» т/х.
13.00, 21.30 «Сырлы қала» т/х.
14.45 «Бәсеке» т/х.
16.00, 23.30 Российский сериал.
18.00 Х/ф «Идентификация».
20.00, 21.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.
20.30 «Індетпен күрескен Қазақстан». Вакциналау тарихы.
20.45 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане». История вакцинаций.1.30 «Әсем әуен».

**Qazaqstan**
6.05, 2.50 «Ұлы дала дүбірі» д/ф.
6.25, 17.00, 20.00, 1.25 Aqparat.
7.00, 13.00 М/ф.
8.00 «Айналайын» т/х.
9.00 «Көңіл толқыны».
9.50, 18.00 «Ғашықтық дерті» т/х.
12.00, 17.20 «Қызық екен».
14.00 «Daryn».
15.00, 2.00 «Meniń Qazaqstanym».
15.30, 20.35 «Замандастар» т/х.
22.20 «Жат мекен» т/х.
23.20 «Жарқын жүздесу».
0.20 «Сана».
2.25 «Ауылдастар».

## JUMA, 13-tamyz

**Евразия**
6.00, 3.05 «Әйел сыры».
6.40 «Той заказ».
7.05, 3.50 «Той базар».
8.00, 1.45 «П@утina».
9.00 «Доброе утро!»
10.00 Т/с «Березка».
12.00, 18.30, 20.00, 2.35 Жаңалықтар, новости.
12.30 «На самом деле».
13.30 «Жди меня».14.30 «Qoslike».
19.00 «Пендеміз ғой».
20.30 «Поле чудес».
21.55 Т/с «Аргентина».

**Хабар**
6.00 «Хабарлайын».
7.00 «Таңғы хабар».
10.00 «Ән әлемі».
10.30 «Тарих. Тағдыр. Тұлға». Темірбек Жүргенов.
11.30 «Қарлығаш ұя салғанда».
13.00, 21.30 «Сырлы қала» т/х.
14.45 «Бәсеке» т/х.
16.00, 23.30 Российский сериал.
18.00 Х/ф «Останься».
20.00, 21.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.
20.30 «Індетпен күрескен Қазақстан». Вакциналау тарихы.
20.45 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане». История вакцинаций.
1.30 «Әсем әуен».

**Qazaqstan**
6.05 «Ұлы дала дүбірі» д/ф.
6.25, 17.00, 20.00, 1.55 Aqparat.
7.00, 13.00 М/ф.
8.00 «Айналайын» т/х.
9.00 «Көңіл толқыны».
9.50, 18.00 «Ғашықтық дерті» т/х.
12.00, 17.20 «Қызық екен».
14.00 «Daryn».
14.50, 2.00 «Тәуелсіздік тәуекелдері».
15.30, 20.35 «Замандастар» т/х.
22.20 «Жат мекен» т/х.
23.20 «Жарқын жүздесу».
0.20 «Сана».
2.40 «Ауылдастар».

## SENBI, 14-tamyz

**Евразия**
6.00, 1.50 «Әйел сыры…».
7.10, 2.40 «Той базар».
8.10, 3.35 «Тамаша City».
9.00 «Ең алғашқы…».
10.20 «Ералаш».
10.35 «Фабрика грез».
11.00 Т/с «Старушки в бегах».
15.15 «Кто хочет стать миллионером».
16.00 Хиты «Русского радио».
17.30 Т/с «Северное сияние».
19.30 «Кеш жарық, Қазақстан».
20.55 Т/с «Белая ночь».
0.50 «П@утina».

**Хабар**
6.00 «Кел, шырқайық!».
7.30 «Өзін-өзі тану».
7.40, 23.15 «Әсем әуен».
8.15 «Өз үйім» т/х.
10.00 «Tańǵy fresh».
11.00 «Ән әлемі».
11.45 «Бәсеке» т/х.
15.15 Т/с «Чужое гнездо».
18.00 «Хит жазамыз».
19.15 «Жұлдызды жекпе-жек».
21.00 «Жеті күн».
22.00 «Хабарлас».
0.00 «Тағы да сүй» т/х.

**Qazaqstan**
6.05, 2.40 «Ұлы дала дүбірі» д/ф.
6.35, 2.00 «Ғасырлар үні».
7.20 Aqparat.
7.50 «Сырлы сахна».
8.25 BBC ұсынады: «Әлемдегі ең қызық үйлер» д/ф.
9.15 «Қалқанқұлақ» т/х.
10.00, 18.00 «Ғашықтық дерті» т/х.
12.00 «Жоғалған қыз» т/х.
14.30 М/ф.
16.00 «Алашұлы» тобының концерті.
17.10 «Daryn».
20.00 «Әзіл әлемі».
22.20 «Жат мекен» т/х.
23.20 «Дон И» т/х.
1.30 «Ауылдастар».

## JEKSENBI, 15-tamyz

**Евразия**
6.00 «Әйел сыры…».
6.55, 3.30 «Той базар».
7.50 «Тамаша Citу».
8.45 «Воскресные беседы»..
9.00 «Ералаш».9.25 Т/с «Белая ночь».
13.00 «Три аккорда».
15.10 Х/ф «Моя мама - робот».
17.30 Т/с «Северное сияние».
19.30 «Кеш жарық, Қазақстан!».
20.55 Т/с «Стеклянная комната».
0.40 «КВН. Высшая лига».
2.45 «П@утina».

**Хабар**
6.00 «Кел, шырқайық!».
7.30 «Самопознание».
7.40 «Әсем әуен».
8.15 «Өз үйім» т/х.
10.30 «Хронограф».
11.00 «Жұлдызды жекпе-жек».
13.00 К/ф «Бекзат».
15.15 Т/с «Чужое гнездо».
17.15 «Ән әлемі».
18.00 «Хит жазамыз».
19.00 «Aıtystar».
21.00 «Жеті күн».
22.00 Х/ф «В поисках мамы».
0.00 «Тағы да сүй» т/х.
1.30 «ProSport».

**Qazaqstan**
6.05 «Ұлы дала дүбірі» д/ф.
6.35 «Tolagaı».
7.35, 1.30 «Күміс көмей».
8.25 «Беймәлім әлем» Д/ф.
9.15 «Қалқанқұлақ» т/х.
10.00, 18.00 «Ғашықтық дерті» т/х.
12.00 «Жоғалған қыз» т/х.
14.30 М/ф. 15.45 «Шәмші» д/ф.
16.35 «Екі жұлдыз» концерті.
17.30 «Шалабаев шарапаты». Арнайы жоба.
20.00 «Жүзден жүйрік».
21.30 «Әнім сен едің» Шәмші Қалдаяқовтың әндері.
22.30 «Жат мекен» т/х.
23.20 «Дон И» т/х.
2.15 «Сырлы сахна».
2.50 «Ауылдастар».

## ӘБЕУОВ ТӨЛЕПБЕРГЕН ӘБЕУҰЛЫ



Ағымдағы жылдың 1 тамыз күні 71 жасына қараған шағында ауданымыздың тумасы, ұзақ жылдар бойы Шет ауданының халқына, ауылшаруашылық саласына қалтқысыз еңбек еткен Төлепберген Әбеуұлы дүниеден озды.

Әбеуов Төлепберген Әбеуұлы 1950 жылы 27 желтоқсан айында Шет ауданының Ақсу-Аюлы жерінде дүниеге келген. 1968 жылы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті бітіріп, сол жылы Целиноград ауыл шаруашылық институтының зоотехникалық факультетіне оқуға түседі. Осы аталған институтты зоотехник мамандығы бойынша 1973 жылы мамыр айында тәмамдады. Өзінің еңбек жолын 1973 жылы Ақадыр аудандық ауылшаруашылығы басқармасында аға зоотехник қызметінен бастап, 1974 жылы сәуір айында Нұраталды кеңшарының Ақсу бөлімшесінде зоотехник, селекционер, бас зоотехник қызметтерін 8 жыл көлемінде атқарады.1982 жылы «Красная Поляна» кеңшарына партком хатшысы болып сайланады, 1986 жылы маусым айында «Шет» кеңшарына директор болып тағайындалды. 1991 жылы шілде айында Шет аудандық атқару комитетінің ауыл шаруашылық жөніндегі орынбасары болып ауысты.1992 жылы наурыз айында Жарық сүт зауытына директор болып, 2011 жылы сәуір айынан бастап 2015 жылы зейнетке шыққанға дейін мемлекеттік мұрағаттың директоры қызметін абыройлы атқарды. Бірнеше мәрте селолық Кеңес депутаты, аудандық мәслихат депутаты болып сайланған Төлепберген Әбеуұлы облыстық, аудандық партия комитеттерінің мақтау грамоталарымен марапатталған, 2019 жылы Шет ауданының Құрметті азаматы атағы берілді. Зейнеткерлікке шыққан соң бүгінгі күнге дейін С.Сейфуллин атындағы кенттің ақсақалдар алқасының төрағасы болды.

Ауылдас ағайын ел-жұртына сыйлы, айналасына абыройлы ғұмыр кешкен Төлепберген Әбеуұлы өмірлік жары Майра екеуі 2 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсіріп, олардан немере сүйген аяулы ата болды. Адамдық ақ пейілімен баршаны баурап тұратын Төлепберген Әбеуұлының отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Оның асыл бейнесі мен адамгершілік жарқын істері жүрегімізде мәңгі сақталады.

**М.МҰХТАРОВ, Б.ТӨЛЕУҚҰЛОВ, Д.КӘРСЕМБАЕВ, М.ЖҰМКИН, О.СТЫБАЕВ, М.ЖОНКИНА, Б.ІЛИЯСОВ, А.БАЛҒАБЕК, Ә.СМАҒҰЛҰЛЫ, Р.ОРАЗХАНОВ, Б.ЖҰМКИН, Е.ЖӘНІБЕКОВ.**

## БАҚҰЛ БОЛ, АРДАҚТЫ ДОС!

Дүниені дүр сілкіндіріп тұрған алапат дерттің салқыны күн сайын қаралы хабарды жеткізуін қояр емес.

Күні кеше ғана телефонмен сөйлескенімде аппаратпен тыныстап жатқанын айтып, көп сөйлесе алмап еді... сонда да жаманатқа қимағам. Енді міне, ертемен жалған дүниені тәрік етіп, Төлепберген өтті бақиға деген суық хабар сананы солқылдатып, жүректі жаралап өтті!

Жалынды жастық шағымыздан осы күнге дейінгі саналы ғұмырда қуанышымыз бен мұңымызға ортақтасып, бірге қуанып, бірге налып келе жатқан қайран достардың қатары тағы да бір ардақтымызға кеміді. Амал не, Жаратушының жазғанына көнбеске шара бар ма?!

Аяулы жары Майра мен балапандарына Алла сабыр берсін! Төлептің жасамаған жасын, көрмеген қызығын соларға бұйыртсын деп тіледік.

Ер едің алған орнын ерек төрден,
Естідік қасыретті деректі елден...
Бақұл бол қимас бауыр, ардақты дос,
Жаратқан иманды етсін, Төлепберген!

**Сыныптас досы - Тезекбай АМАНДЫҚҰЛЫ.**

## Еске алу

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны болған, сүйікті ұл, қымбатты бауырымыз **ЗӘКІРБЕКОВ Садық Сабырұлының** өмірден өткеніне 1 жыл толады.



Жатқан жері жарық топырағы мамық болсын деп еске алып, рухына дұға бағыштаймыз.

Жайлы болсын жер бесігің таңылған,
Мамық болсын топырағың жамылған.
Сағынып нұр бейнеңді туғандарың,
Қол жайып, дұға қылдық артыңнан.

**Еске алушылар:** анасы - **Күләш, балалары, бауырлары.**

Марқұмның жылдық асы 14-ші тамыз күні сағат 11.00-ден бастап Ақсу-Аюлы ауылы, Тілеулин көшесі 54/1-ші үйде беріледі.

Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, жора-жолдастарын, сыныптастарын шақырамыз.

**Ауыл шаруашылық техникаларына және жүк таситын көліктерге бөлшектер сатамыз. Қажет болса, жеткізіп бере аламыз.**
**Тел. номері 87764863739**
**Ватсап номері 87075255608**

29.03.2021 жылы қайтыс болған Ауеспаева Несипбаланың атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады.Мекен жайы: Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі,17 үй.

15.05.2021 жылы қайтыс болған Калыков Жанболат Амановичтің атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүделі тұлғалар нотариус Г.Сұлтановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақадыр кенті, Абай даңғылы, 31 үй, телефон: 87017481127.

Қоғам және Заң

## ӘСКЕРИ МІНДЕТТІЛЕР ЖӘНЕ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРЫЛУШЫЛАРДЫ ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТУ

Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексі 32-тарауында 647-баптың және 649-бабында жиі қолданылады.

**647-бап-Азаматтардың әскери есепке алу жөніндегі міндеттерді орындамауы.**

Әскери есепте тұрған немесе тұруға міндетті азаматтың жергілікті әскери басқару органының шақыруы бойынша көрсетілген мерзімде дәлелді себепсіз келмеуі, не елді мекенге тұрақты тұрғылықты жерге немесе уақытша болатын жерге (үш айдан астам мерзімге), сондай-ақ, қызметтік іс-сапарларға келуі, жеті жұмыс күні ішінде келу орны бойынша Халыққа қызмет көрсету орталығына әскери есепке қою туралы өтінішпен жүгінуге міндетті, оқуға, демалысқа немесе емделуге (үш айдан астам мерзімге), - **5 АЕК** мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**649-бап. Әскери есепке алу құжаттарын қасақана бүлдіру немесе жоғалту.**

Әскери қызметке шақырылуға жататын азаматтың әскери билетін немесе басқа да есепке алу, әскери құжаттарын қасақана бүлдіру немесе жою, сол сияқты әскери қызметке шақырылуға жататын азаматтың әскери билетін немесе басқа да есепке алу, әскери құжаттарын жоғалту, иесінің кінәсінен ескерту жасауға немесе - **5 АЕК** мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Мекен-жай: Ақсу-Аюлы ауылы, Жанқұтты би көшесі 12, тел.21-4-84.

**А.АБИЛКАСИМОВ, капитан, Шет ауданының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлім бастығының міндетін уақытша атқарушы.**

БЭМ - бұл биоэнергетикалық массажер адам бойындағы биоэнергетикалық белсенді нүктелер мен меридиандарды ашып, адам ағзасындағы қан айналу системасын қалпына келтіре отырып, қанның қоюлануына, қан қысымының жоғарылауына, инсульт, инфаркт, қант диабеті, онкологиялық іскітерине жол бермеуге бағытталған алдыңғы қатарлы, жоғары технологиялық аппарат.

Бұл аппараттың көмегімен алған 45 минуттық массаж, 1-1,5 сағаттық 10 рет қолмен жасаған массажды және туйна, гуаша, отпен, инемен, банка қою (комплексті) алмастырады. Сонымен қатар, адам ағзасындағы қан айналу, лимфа, ішек құрылысы системаларының қызметін токсин мен шлактардан тазартып, созылмалы бауыр, бүйрек, жүрек, химия терапия алған онкологиялық науқастардың қалпына келуіне орасан көмегі зор.

Мекен-жайы: Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 73. Телефон: 8 71031 21272 немесе 8 7082351902, 8 7789249192 (Шолпан)

Жұмыс тәртібі: жұмыс күндері кешкі сағат 18.00-ден 22.00-ге дейін, сенбі, жексенбі күндері таңертеңгі сағат 10.00-ден кешкі сағат 22.00-ге дейін.

Ел аузынан

## ЖИЕННІҢ ЖАҚСЫСЫ НАҒАШЫДАН...

Қазақ халқында «пайғамбар да күйеу баласын сыйлаған» деген сөз бар. Бұл Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың күйеу баласы Әлиге (р.ғ.) деген ерекше құрметіне байланысты айтылса керек. Одан бөлек пайғамбар жиендеріне де ерекше мейірімді болған екен.

Бірде пайғамбарымыз жиендері Асан (Хасан) мен Үсен (Хусейн) үйіне келгенде төрден орын беріп, құрмет көрсеткен.Ол Асанның ернінен, Үсеннің мойнынан сипаған екен. Пайғамбардың әр қимылынан ғибрат көріп отыратын Әзіреті Әли (р.ғ.):

- Иә, Алланың елшісі, неге бұлай істедіңіз? - депті.

- Ажал Асанжанның ернінен, Үсенімнің мойнынан келеді. Ақырғы сәт соққанда оларға ауырлық болмасын, жанына батпасын деп сипадым, - деп жауап беріпті.

Жиендеріне құрмет көрсетіп, Асанға оржағал құла жүйрік, Үсенге кер құла ат мінгізген екен. Осыдан бастап жиенді құрметтеу барлық пайғамбар үмбетіне үлгі болып таралған деседі.

Бұл дәстүр қазақ арасына да тереңдеп сіңгені байқалады. Нағашы жұрты жиені келгенде құрмет көрсетіп, жиенсыбаға береді. Мал ішіне кіргізіп, «қалаған малыңды таңда» деп, бәсіре атайды. Жиеннің таңдаған малына ен салады. Оны мінбейді, асқа сойдайды, ерекше бағып-қағады. Жиені тағы бірде келгенде мал ішіне кіргізіп:

- Ал, жи ендіні, - деп айтады екен. Яғни, «ені бар малды жина» деген сөз. Кейін «жи», «ен» деген екі сөзден «жиен» атауы шығыпты.

Қазір де қазақ арасында «жиенді ұрма, қолың қалтырайды», «жиеннің назасы қатты» деген мәтелдер сақталған. Жиендер нағашы жұртынан қандай да бір бұйымды сұраусыз алып кетсе де, нағашылары оны ұрлық деп санамаған. Қазақта мұны жиендік жасау деп атайды.

## ТӘРБИЕ КӨРМЕГЕН-ЖЕТЕСІЗ

Атақты ғұламалардың бірі болған Маджуддун Бағдади хазіреті бала кезінде Пірінің қызметінде жүріп әжетхана тазалаушы болыпты.

Анасы беделді дәрігер екен. Бір күні алдына келген емделушілердің бірінен баласының жағдайын естіп ұлының Піріне барып: "Баламды мұндай жұмыстан босатыңыз. Егер қаласаңыз оның қызметін жасайтын он жалшы берейін",- деп сұранады.

Сонда Пір:"Сіз өзіңіз дәрігерсіз ғой. Егер асқазан жарасы бар балаңызға арналған дәрі-дәрмекті әлгі он жалшыға берсем қалай болар еді?",- деген екен. (Нуриддин Әбдуррохман ибн Ахмад)

Яғни шариғат ғұламалары діни тәрбие берсе, тарихат ғұламалары рухани тәрбие береді. Осы екі тәрбиені қатар алған жан кемелдіктің шыңына жетері хақ!

Проект

# ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМА ШЕТСКОГО РАЙОНА, КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ПРАВИЛ ОРГАНИЗАЦИИ И ПРОВЕДЕНИЯ МЕРОПРИЯТИЙ ПО ТЕКУЩЕМУ ИЛИ КАПИТАЛЬНОМУ РЕМОНТУ ФАСАДОВ, КРОВЛИ МНОГОКВАРТИРНЫХ ЖИЛЫХ ДОМОВ, НАПРАВЛЕННЫХ НА ПРИДАНИЕ ЕДИНОГО АРХИТЕКТУРНОГО ОБЛИКА ШЕТСКОГО РАЙОНА

В соответствии с подпунктом 11) пункта 2 статьи 10-3 Закона Республики Казахстан от 16 апреля 1997 года "О жилищных отношениях", подпунктом 27-6) пункта 1 статьи 27 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан", Законом - Республики Казахстан от 16 июля 2001 года "Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан" акимат Шетского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Утвердить правила организации и проведения мероприятий по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровли многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика населенных пунктов Шетсокого района согласно приложению к настоящему постановлению.

2.Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима Д.К Карсембаева.

3.Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Аким Шетского района М.МУХТАРОВ.**

Проект

## Правила организации и проведения мероприятий по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровли многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика населенных пунктов Шетского района

**Утвержден постановлением акима Шетского района от "______" ____________ №____**

### 1. Общие положения

1. Настоящие Правила организации и проведения мероприятий по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровли многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика населенных пунктов Шетского района (далее - Правила) разработаны в соответствии с подпунктом 11) пункта 2 статьи 10-3 Закона Республики Казахстан от 16 апреля 1997 года «О жилищных отношениях» (далее - Закон) иными нормативными правовыми актами и определяют порядок организации и проведения мероприятий по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровли многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика населенных пунктов Шетского района.

2. В настоящих Правилах применяются следующие основные понятия:

1) объект кондоминиума - единый имущественный комплекс, состоящий из квартир, нежилых помещений, находящихся в индивидуальной (раздельной) собственности, и общего имущества, которое не может находиться в индивидуальной (раздельной) собственности и принадлежит собственникам квартир, нежилых помещений на праве общей долевой собственности, включая единый неделимый земельный участок под многоквартирным жилым домом и (или) придомовой земельный участок;

2) общее имущество объекта кондоминиума - части объекта кондоминиума (фасады, подъезды, вестибюли, холлы, коридоры, лестничные марши и лестничные площадки, лифты, крыши, чердаки, технические этажи, подвалы, общедомовые инженерные системы и оборудование, абонентские почтовые ящики, земельный участок под многоквартирным жилым домом и (или) придомовой земельный участок, элементы благоустройства и другое имущество общего пользования), кроме квартир, нежилых помещений, находящихся в индивидуальной (раздельной) собственности;

3) текущий ремонт общего имущества объекта кондоминиума - комплекс своевременных технических мероприятий и работ по замене или восстановлению составных частей и инженерного оборудования многоквартирного жилого дома, установленных нормативной и технической документацией, проводимых с целью предотвращения их преждевременного износа и устранения неисправности;

4) капитальный ремонт общего имущества объекта кондоминиума - комплекс мероприятий и работ по замене изношенных конструкций, деталей и инженерного оборудования многоквартирного жилого дома на новые или более прочные и экономичные, улучшающие эксплуатационные показатели ремонтируемых объектов, проводимых с целью восстановления ресурса многоквартирного жилого дома;

5) содержание общего имущества объекта кондоминиума - комплекс работ или услуг по технической эксплуатации, санитарному содержанию и текущему ремонту общего имущества объекта кондоминиума;

6) многоквартирный жилой дом - отдельно стоящее здание с единым фундаментом на едином неделимом земельном участке, состоящее из общего имущества объекта кондоминиума, которое является общей долевой собственностью, и двух и более квартир, нежилых помещений, имеющих самостоятельные выходы на земельный участок, прилегающий к многоквартирному жилому дому, либо в иные части общего имущества объекта кондоминиума;

7) единый архитектурный стиль - совокупность единых признаков, используемых в строительстве, характерная для определенного района застройки территории, в том числе индивидуальной застройки. Основными параметрами являются внешний облик, архитектурный стиль, цветовое решение, этажность, отделочные материалы. Для района индивидуальной застройки основными параметрами являются внешний облик, архитектурный стиль, цветовое решение, этажность, отделочные материалы, ограждения, тип кровли и расположение хозяйственно-бытовых построек на территории участка;

8) кровля-верхний элемент покрытия, предохраняющий здание от проникновения атмосферных осадков. Состоит из водоизолирующего слоя и основания (обрешетки, сплошного настила, стяжки), укладываемого по несущим конструкциям, либо по утеплителю (бесчердачных крышах);

9) фасад-внешняя (лицевая) сторона сооружения (здания).

3. Настоящие Правила распространяются только на организацию и проведение мероприятий по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровли многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика населенному пункту.

### 2. Порядок организации мероприятий по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровли многоквартирных жилых домов

4. Концепция единого архитектурного стиля разрабатывается и утверждается акиматами городов республиканского значения, столицы и городов областного значения в сфере архитектурной, градостроительной и строительной деятельности и являются неотъемлемой частью проекта детальной планировки.

5. После утверждения концепции единого архитектурного стиля необходимо внесение изменений в утвержденный проект детальной планировки.

6. Акиматы районов предусматривают основные параметры архитектурного стиля в проектах детальной планировки.

7. Уполномоченным органом, осуществляющим государственный контроль в области жилищного фонда совместно с акимами соответствующих населенных пунктов Шетского района и структурным подразделением местного исполнительного органа по делам архитектуры на основании утвержденной концепции единого архитектурного облика населенных пунктов и проекта детальной планировки определяется перечень многоквартирных жилых домов, требующих проведения текущего или капитального ремонта фасадов, кровли для придания единого архитектурного облика населенному пункту.

8. Информирование физических и юридических лиц о состоянии среды их обитания и жизнедеятельности, а также о намерениях по застройке (перепланировке) территории, в том числе о проведении текущего или капитального ремонта фасадов, кровли для придания единого архитектурного облика согласно утвержденному перечню многоквартирных жилых домов, требующих проведения текущего или капитального ремонта фасадов, кровли осуществляется местными исполнительными органами районов (городов) через средства массовой информации или посредством проведения общественных обсуждений, экспозиций и выставок.

9. По результатам проведённых общественных обсуждений и на основании утвержденного перечня многоквартирных жилых домов, требующих проведения текущего или капитального ремонта фасадов, кровли для придания единого архитектурного облика населенному пункту при наличии средств местного бюджета, акиматом Шетского района организуются следующие работы:

1)ознакомление собственников квартир, нежилых помещений (при их наличии) многоквартирных жилых домов с утвержденным единым архитектурным обликом населенного пункта;

2) информирование собственников квартир, нежилых помещений многоквартирных жилых домов о планируемых работах и примерных сроках их проведения.

### 3. Порядок проведения мероприятий по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровли многоквартирных жилых домов

10.Администратором бюджетной программы, в соответствии с требованиями строительных норм, организуются обследование технического состояния каждого многоквартирного жилого дома для установления состава и объема работ, определения типа ремонта (текущий или капитальный) фасада, кровли для придания единого архитектурного облика.

Обследование технического состояния дома выполняется с целью установления степени физического износа, определения возможности восприятия несущими конструкциями дополнительных нагрузок и, в случае необходимости, разработки мероприятий по усилению этих конструкций, укреплению грунтов оснований и усиления фундаментов, а также для дальнейшего мониторинга.

11. Мероприятия по усилению конструкций фасадов и кровли, укреплению грунтов оснований и усиления фундаментов, в случае необходимости, предусматриваются проектом капитального ремонта фасадов, кровли, направленного на придание единого архитектурного облика.

12. По итогам обследования технического состояния дома администратор бюджетной программы организует работу по разработке сметного расчета текущего ремонта или изготовлению проектно-сметной документации на капитальный ремонт с последующим получением заключения экспертизы по соответствующим проектам за счет средств местного бюджета.

13.Техническое обследование надежности и устойчивости зданий и сооружений осуществляется аккредитованными юридическими лицами.

14. Проектирование выполняется силами специализированных организаций, имеющих соответствующие лицензии.

15.При проектировании работ по капитальному ремонту и составлении сметного расчета текущего ремонта необходимо руководствоваться действующим законодательством и нормативами.

16. После утверждения проектов капитального ремонта, прошедших соответствующую экспертизу и (или) сметной стоимости текущего ремонта фасадов, кровли многоквартирных жилых домов, определенных в соответствии с пунктом 10 Правил, администратором бюджетной программы составляется и представляется бюджетная заявка в соответствии с порядком, определенным центральным уполномоченным органом по бюджетному планированию.

17. Приобретение работ по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровли многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика, осуществляется администратором бюджетной программы в соответствии с законодательством о государственных закупках.

18. Текущий и капитальный ремонт фасадов, кровли многоквартирных жилых домов выполняется в соответствии нормативными техническими документами и основными параметрами, предусмотренными в концепции единого архитектурного стиля и проекте детальной планировки.

Фасады зданий должны отражать отличительные эстетические характеристики качества населенного пункта и окружающей градостроительной среды (стилевую и композиционную целостность, ритм, соразмерность и пропорциональность, визуальное восприятие, баланс открытых и закрытых пространств), цветовое решение должно соответствовать особенностям архитектурного решения и направлены на придание единого архитектурного облика населенного пункта.

19. Приемка работ по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровли многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика, осуществляется заказчиком в соответствии с законодательством в сфере архитектурной, градостроительной и строительной деятельности.

20. При приемке работ уполномоченным органом, осуществляющим государственный контроль в сфере управления жилищным фондом направляется уведомление председателю объединения собственников имущества или доверенному лицу простого товарищества многоквартирного жилого дома, либо управляющему многоквартирным жилым домом или управляющей компании о завершении текущего или капитального ремонта фасадов, кровли многоквартирного жилого дома.

21. Договором подряда устанавливаются гарантийные сроки не менее двух лет со дня приемки работ.

22. Ответственность по выявленным в течение установленного гарантийного срока несоответствиям и нарушениям возлагается на подрядчика (генерального подрядчика) с обязательствами по их устранению.

### 4. Заключительные положения

23.Финансирование мероприятий по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровли многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика населенному пункту, осуществляется из средств местного бюджета.

24. Дальнейшее содержание и обеспечение безопасной эксплуатации фасадов и кровли, после проведенных ремонтных работ, осуществляется собственниками квартир, нежилых помещений.

Shet shuǵylasy
Шет аудандық қоғамдық-саяси газеті
Директор-редактор
**Мейрам Дәулетбекұлы СӘДУАҚАСОВ**

**Құрылтайшысы және меншік иесі:** "Шет аудандық "Шет шұғыласы" газетінің редакциясы ЖШС-і.
**Редакция мекен-жайы:** Ақсу-Аюлы, Шортанбай жырау даңғылы, 73 үй.
**Газет** аптасына 1 рет, бейсенбі күндері шығады. Таралымы 1729 дана.
**Газеттің** басылу сапасына "Арко" баспаханасы жауап береді. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
**Газет** редакцияда терілді, беттелді. **тел/факс:** 2-11-42, 50-9-03, 50-9-72.
**Эл. пошта:** Shshugla@mail.ru Қарағанды қаласындағы "АРКО" баспаханасында басылды. (Қ.Сәтбаев көшесі, 15) Тел: 8 7212 411780.

**Жосалбай Салтанат Тұяқбайқызы,** жауапты хатшы тел. 50-9-03
Ақадыр өңірі бойынша жарнама қабылдаушы **Қасымхан** тел: 8 705 751 7898
**Бухгалтерия** тел. 79-0-81

**Газет** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат Министрлігінде 2019 жылдың қаңтар айының 4 күні қайта тіркеуден өтіп, тіркеу туралы №17435-Г куәлігі берілген.